

**Сот шешімімен Қарағанды қаласының
коммуналдық меншігіне түскен болып танылған
иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын
бекіту туралы**

Қарағанды қалалық мәслихатының 2018 жылғы 18 шілдедегі
VI шақырылған XXVII сессиясының № 309 шешімі. Қарағанды
облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 24 шілдеде
№ 4885 болып тіркелді

ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі,
02.08.2018 ж.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы
Экологиялық кодексіне сәйкес Қарағанды қалалық
мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қоса беріліп отырған Сот шешімімен Қарағанды
қаласының коммуналдық меншігіне түскен болып танылған
иесіз қалдықтарды басқару қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен
кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа
енгізіледі.

Сессия төрағасы В. Мазитов

Қалалық мәслихат Қ.

хатшысы

Бексұлтанов

Қарағанды
қалалық
мәслихатының
2018 жылғы
"18"
шілдедегі
№ 309
шешімімен
бекітілген

**Сот шешімімен Қарағанды қаласының коммуналдық меншігіне
түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару
қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Сот шешімімен Қарағанды қаласының
коммуналдық меншігіне коммуналдық меншікке түскен болып

танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 20-1-бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және сот шешімімен коммуналдық меншігіне түскен болып танылған иесіз қалдықтарды (бұдан әрі – қалдықтар) басқару тәртібін айқындайды.

2. Қалдықтарды коммуналдық меншігіне беру сот шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

3. Иесіз қалдықтарды басқаруды Қарағанды қаласының жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырады.

4. Қалдықтарды басқару мақсатында жергілікті атқарушы орган мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің өкілдерінен комиссия құрады (бұдан әрі – Комиссия).

Қалдықтарды басқару бойынша жұмыстарды ұйымдастыратын уәкілетті орган ретінде "Қарағанды қаласының Қазыбек би атындағы ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі және "Қарағанды қаласының Октябрь ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі иесіз қалдықтарды басқару жұмыстарын ұйымдастыру саласында қызметті жүзеге асыратын және жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мемлекеттік мекеме) болып табылады.

5. Иесіз қауіпті қалдықтарды басқару – бұл қалдықтарды бағалау, есепке алу, одан әрі пайдалану, сату, кәдеге жарату және жою бойынша қызмет.

2. Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару тәртібі

6. Қалдықтарды есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі №833 "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" қаулысымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларына сәйкес атқарылады.

7. Талап етілмеген қалдықтарды қауіпсіз кәдеге жарату және жою бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды Мемлекеттік мекемесі Комиссияның ұсыныстарын ескере отырып Қазақстан Республикасының экологиялық

заңнамасының талаптарына сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырады.

8. Қалдықтарды кәдеге жарату және жою бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушіні таңдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Қалдықтар сатылғаннан, кәдеге жаратылғаннан және жойылғаннан кейін қалдықтардың орналасқан аумақтарын қалпына келтіру Қазақстан Республикасының жер заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

3. Қорытынды ережелер

10. Қалдықтармен жұмыс істеу барысында Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген талаптар сақталады.